

Қажетті құжаттар тізімі

1. «Дәрігер» біліктілігі берілген жоғары білім туралы құжат. Шетелде медициналық білім алған тұлғалар білімінің танылғаны және (немесе) оларға «дәрігер» біліктілігінің берілгені туралы құжатты ұсынады.
2. Оқу кезеңінің (1–7 курс) барлық кезеңі бойынша GPA көрсетілген транскрипт немесе талапкер білім алған жоғары оқу орнының деканатынан не тіркеу кеңсесінен (Office Registrar) берілген, 1–7 курстар бойынша GPA көрсетілген анықтаманың түпнұсқасы.
3. Интернатураны аяқтағаны туралы куәлік (Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының түлектері үшін).
4. Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.
5. Талапкер білім алған жоғары оқу орнының деканатынан немесе тіркеу офисінен берілген: 2013–2018 жылдары интернатураны аяқтаған тұлғалар үшін – Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы (ҰТЕО) өткізген тәуелсіз емтихан нәтижелері көрсетілген анықтаманың түпнұсқасы; 2019 жылдан бастап интернатураны аяқтаған тұлғалар үшін – ҰТЕО өткізген тәуелсіз емтиханның бірінші және екінші кезеңдерінің нәтижелері.
6. Жеке куәлік.
7. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтаманың түпнұсқасы, сондай-ақ флюорография нәтижесі.
8. Неке қию туралы куәлік (бар болған жағдайда).
9. Еңбек кітапшасы (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін).
10. Ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар (бар болған жағдайда).
11. Ғылыми стипендиялар мен гранттардың тағайындалғанын растайтын сертификаттар (бар болған жағдайда).
12. Ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер (бар болған жағдайда).
13. Ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар және (немесе) дипломдар (бар болған жағдайда).

! Резидентураға қабылданғаннан кейін 25 тамызға дейін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет.

Құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсыру кезінде талапкер құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың түпнұсқаларын салыстырып тексеру үшін ұсынады. Құжаттарды салыстыру талапкердің қатысуымен жүр